

«БЕКІТІЛДІ»

«БЕКІТІЛДІ»

Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігі
Мәдениет комитетінің төрағасы


А. С. Белқайров

«Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік
академиялық филармониясы» РМҚК
директорының м.у.а.


А. Қуанышұлы

Әміре Қашаубаев атындағы дәстүрлі орындаушылардың республикалық байқауын өткізу қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

Әміре Қашаубаев атындағы дәстүрлі орындаушылардың республикалық байқаудың өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының 7-бабының 12-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 56 бұйрығымен бекітілген және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6923 болып тіркелген Республикалық байқаулар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік қағидаларының 6-тармағына сәйкес әзірленді және Әміре Қашаубаев атындағы дәстүрлі орындаушылардың республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру мен өткізудің тәртібін айқындайды.

1. Әміре Қашаубаев атындағы дәстүрлі орындаушылардың республикалық байқауы 2026 жылғы 25-27 қазан аралығында Алматы қаласында өтеді.

2. Байқауды ұйымдастырушы – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясы.

2 тарау. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

3. Байқаудың негізгі мақсаты:

1) қазақ халқының дәстүрлі ән өнерін насихаттау, оның өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие берудегі рөлін күшейту;

2) ән өнері арқылы кәсіби шеберлікті жетілдіру, қазақстандық патриотизмді және ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

3) Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Майра Уәлиқызы, Мұхит Мерәліұлы, Естай Беркімбайұлы, Кенен Әзірбаев және өзге де халық әншілері мен ақындарының шығармаларындағы адамгершілік пен патриотизм тақырыбын насихаттау.

3 тарау. Байқауды өткізу тәртібі



4. Байқау 2026 жылғы 25-27 қазан аралығында Алматы қаласында, Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының гимаратында өткізіледі.

5. Осы Қағидалар байқауды ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастырылады.

6. Байқауға облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана деңгейіндегі байқаулардың жеңімпаздары болып табылатын 20-дан 35 жасты қоса алғандағы дәстүрлі әншілер (бұдан әрі - Байқауға қатысушылар) қатыса алады.

7. Әміре Қашаубаев атындағы дәстүрлі орындаушылардың республикалық байқауының алдыңғы байқауларында Гран-при иегері атанған тұлғалар осы байқауға қайта қатысуға жіберілмейді.

8. Байқауға қатысушылар 2026 жылғы 25 тамыздан 15 қыркүйекке дейін мына құжаттар мен материалдарды (бұдан әрі – Конкурстық материалдар) қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Әміре Қашаубаев атындағы дәстүрлі орындаушылардың республикалық байқауына қатысуға өтінімді электрондық түрде philarmon@mail.ru электрондық пошта мекенжайына жібереді:

1) қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың pdf форматындағы көшірмесі;

2) студенттер үшін – оқу орнынан, жұмыс істейтіндер үшін – жұмыс орнынан анықтама;

3) облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана деңгейіндегі байқаулардың жеңімпаз атанғанын растайтын сертификат және (немесе) диплом.

4) байқауға қатысушының өлшемі 13x18 сантиметр түрлі-түсті екі фотосуреті (JPEG форматында);

5) байқауға қатысушының бейнежазбасы. Бейнежазбада байқауға қатысушы осы тармақта көзделген тәртіпке сәйкес Әміре Қашаубаевтың әндерінің тізімінен таңдап алынған екі шығарманы орындайды. Бейнежазба жылжымайтын камерамен кемінде 1280×720 (HD) ажыратымдылықта, монтажсыз және дыбысқа қосымша өңдеу енгізілмей түсірілуге тиіс.

Ұсынылған бейнематериалдар ұйымдастыру комитетімен (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) іріктеледі. Алдын ала іріктеу қорытындысы бойынша ұйымдастыру комитетінің шешімімен үздік қатысушылар республикалық байқаудың негізгі кезеңіне (тікелей тыңдауға) өткізіледі.

Іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша негізгі кезеңге өткен қатысушылардың тізімі ұйымдастыру комитетінің интернет-ресурсында және Instagram мен Facebook әлеуметтік желілерінде 2026 жылғы 25 қыркүйектен кешіктірілмей жарияланады.

Әміре Қашаубаевтың әндерінің тізімі: «Қос барабан» – халық әні, «Топайкөк» – Жарылғапберді Жұмабайұлы, «Баянауыл» – халық әні, «Сырғақты» – Біржан сал Қожағұлұлы, «Көкаршын» – Жаяу Мұса, «Қызыл бидай» – халық әні, «Екі жирен» – халық әні, «Қорлан» – Естай Беркімбайұлы, «Ақ сиса» – Жаяу Мұса, «Қарғам-ау» – халық әні, «Хаулау» – Жаяу Мұса, «Үш

дос» – Уәйіс Шондыбайұлы, «Гауһар қыз» – Жаяу Мұса, «Дудар-ай» – Үлебай Әлетұлы, «Ақ қайың» – Шашубай Қошқарбайұлы, «Бес қарагер» – халық әні, «Қанапия» – Қанапия Басықараұлы, «Ардақ» – Жарылғапберді Жұмабайұлы, «Балқадиша» – Ақан сері Қорамсаұлы, «Сегізаяқ» – Абай Құнанбайұлы, «Қор болды жаным» – Абай Құнанбайұлы, «Біреуден біреу артылса» – Абай Құнанбайұлы, «Назқоңыр» – халық әні.

9. Байқауға қатысу үшін байқау материалдары ұйымдастыру комитетінің электрондық пошта мекенжайына жіберіледі.

2026 жылғы 15 қыркүйектен кейін келіп түскен байқауға қатысуға арналған конкурстық материалдар қарауға жатпайды.

10. Ұйымдастыру комитеті ұсынылған конкурстық материалдарды осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкестігін 2026 жылғы 15 қыркүйектен кейін қарайды. Осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес келмейтін конкурстық материалдар қаралмайды және қайтарылмайды.

11. Байқауға қатысушылардың өнер көрсету тәртібі жеребе тастау арқылы белгіленеді.

12. Байқау екі кезеңнен тұрады. Бірінші және екінші кезеңдерде қатысушылар осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес өнер көрсетеді.

13. Бірінші кезеңде байқауға қатысушылар үш шығарманы орындайды, оның ішінде Әміре Қашаубаевтың репертуарынан бір шығарма және қатысушының таңдауы бойынша екі шығарма.

14. Екінші кезеңде байқауға қатысушылар үш шығарманы орындайды, оның ішінде Әміре Қашаубаевтың репертуарынан бір шығарма және қатысушының таңдауы бойынша екі шығарма.

15. Екінші кезеңде орындалатын Әміре Қашаубаевтың репертуарындағы шығарма бірінші кезеңде орындалған шығармамен сәйкес келмеуге тиіс.

16. Байқауға қатысушының орындау бағдарламасы өтінімде көрсетілген шығармаларға сәйкес орындалады. Байқауды өткізу барысында бағдарламаны өзгертуге жол берілмейді.

17. Гран-при иегері мен байқау жеңімпаздарының қатысуымен Гала-концерт 2026 жылғы 27 қазанда өтеді.

18. Байқауға қатысушылардың Алматы қаласында тұру шығындары мен байқауды өткізу кезеңіндегі тәуліктік шығыстары бекітілген шығыстар сметасына сәйкес қарастырылған қаражат шегінде өтеледі.

19. Ұйымдастыру комитеті байқауға қатысушылардың өнер көрсетулерін жарнамалық мақсаттарда фото және бейнематериалдар түрінде пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

4 тарау. Ұйымдастыру комитеті

20. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Ұйымдастыру комитеті құрылады.

21. Байқауды насихаттау мақсатында Ұйымдастыру комитеті бұқаралық ақпарат құралдарына баспасөз релиздерін ұсынады, осы Қағидаларды Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam> сондай-ақ Жамбыл атындағы Қазақ

мемлекеттік академиялық филармониясының интернет-сайтында және Instagram мен Facebook әлеуметтік желілеріндегі парақшаларында орналастырады.

22. Ұйымдастыру комитеті байқауды ақпараттық және жарнамалық қолдау түрлерін айқындайды, сондай-ақ байқау аясында өтетін гала-концертті республикалық телеарналарда түсіру мүмкіндігі қарастырылады.

5 тарау. Байқаудың қазылар алқасы

23. Байқауға қатысушылардың өнерін бағалау, сондай-ақ қорытынды шығару және байқау жеңімпаздарын айқындау туралы шешім қабылдау үшін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Әміре Қашаубаев атындағы дәстүрлі орындаушылар республикалық байқауының қазылар алқасы (бұдан әрі - Қазылар алқасы) құралады. Қазылар алқасының құрамы байқау басталғанға дейін жарияланбайды.

24. Үлгілік қағидалардың 17-тармағына сәйкес қазылар алқасының құрамы, оның ішінде төрағасы, тақ саннан тұрады. Қазылар алқасы отырысының хаттамасын жүргізу және ресімдеу үшін қазылар алқасының құрамына кірмейтін және дауыс беру құқығы жоқ (бір) хатшы тағайындалады.

25. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді. Оған төраға және қазылар алқасының барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

26. Қазылар алқасының шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда қазылар алқасы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

27. Байқаудың қорытындысын шығару жөніндегі қазылар алқасының қорытынды отырысы 2026 жылғы 27 қазанда өтеді.

28. Қазылар алқасы қатысушының өнер көрсетуін тоқтатуға құқылы.

29. Қазылар алқасының мүшелеріне гонорар, сондай-ақ Алматы қаласына және кері бағытта жол жүру, тәуліктік, жатын орын және Алматы қаласы бойынша қалаішілік көлік шығыстары бекітілген шығыстар сметасына сәйкес қарастырылған қаражат шегінде өтеледі.

30. Қазылар алқасы байқау жеңімпаздарын осы Қағидалардың 33-тармағында көзделген мөлшерде дипломдармен, кәдесыйлармен және ақшалай сыйлықтармен марапаттайды.

31. Мемлекеттік қызметшілер және мемлекеттік ұйымдарда немесе квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басқарушылық функцияларды орындайтын қызметшілер болып табылатын қазылар алқасының мүшелеріне қаламақы төлеу «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жүргізілмейді.

6 тарау. Байқауды қаржыландыру

32. Байқауды өткізуді қаржыландыру «2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген 033 «Мәдениет, өнер, архив ісі және кітап ісі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру» республикалық бюджеттік бағдарламасының 106 «Театр-

концерт ұйымдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» кіші бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

33. Байқаудың жүлде қоры:

- 1) Гран – при (бір) - 1 000 000 теңге;
- 2) бірінші орын (бір) – 800 000 теңге;
- 3) екінші орын (бір) – 400 000 теңге;
- 4) үшінші орын (бір) – 200 000 теңге;
- 5) дипломанттар (үш) – 100 000 теңге.

Әміре Қашаубаев атындағы дәстүрлі әншілердің республикалық байқауының жүлде қорының жалпы көлемі жеке табыс салығын қоса есептегенде 3 000 005 (үш миллион бес) теңгені құрайды, оның ішінде:

- 2 700 000 (екі миллион жеті жүз мың) теңге – жеңімпаздарға төленетін ақшалай жүлделер;

- 300 005 (үш жүз мың бес) теңге – Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бюджетке аударылатын жеке табыс салығының сомасы.

7 тарау. Қорытынды ереже

34. Осы Қағидаларда көзделмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

Әміре Қашаубаев атындағы дәстүрлі
орындаушылардың республикалық
байқауын өткізу қағидаларына
І-қосымша

Нысан

**Әміре Қашаубаев атындағы дәстүрлі орындаушылардың республикалық
байқауына қатысуға өтінім**

Қатысушының тегі, аты- жөні (бар болса)	
Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы	
Қатысушының оқу немесе жұмыс орны	
Байланыс телефондары	телефон: e-mail:
Байқауда орындалатын әндер тізімі	Туындының атауы

«УТВЕРЖДЕНО»


Председатель Комитета культуры
Министерства культуры и
информации Республики Казахстан


_____ **А. С. Белкайров**



«УТВЕРЖДЕНО»

В. и. о. Директора РГКП
«Казахской государственной
академической филармонии
имени Жамбыла»


_____ **А. Куанышұлы**



Правила проведения Республиканского конкурса традиционных исполнителей имени Әміре Қашаубаева

Глава 1. Общие положения

Настоящие Правила проведения Республиканского конкурса традиционных исполнителей имени Әміре Қашаубаева (далее – Правила) разработаны в соответствии с подпунктом 12-1) статьи 7 Закона Республики Казахстан «О культуре», пунктом 6 Типовых правил проведения республиканских конкурсов и фестивалей, утвержденных приказом Министра культуры Республики Казахстан от 31 марта 2011 года № 56 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 6923), и определяют порядок организации и проведения Республиканского конкурса традиционных исполнителей имени Әміре Қашаубаева (далее – Конкурс).

1. Республиканский конкурс традиционных исполнителей имени Әміре Қашаубаева проводится с 25 по 27 октября 2026 года в городе Алматы.

2. Организатором Конкурса является Казахская государственная академическая филармония имени Жамбыла Комитета культуры Министерства культуры и информации Республики Казахстан.

Глава 2. Цель и задачи Конкурса

3. Основными целями конкурса являются:

1) популяризация традиционного песенного искусства казахского народа и усиление его роли в эстетическом воспитании подрастающего поколения;

2) совершенствование профессионального мастерства посредством песенного искусства, формирование казахстанского патриотизма и любви к национальной культуре;

3) популяризация идей нравственности и патриотизма, отражённых в произведениях народных певцов и поэтов, таких как Биржан сал, Акан сері, Балуан Шолақ, Майра Уаликызы, Мухит Мералыұлы, Естай Беркимбайұлы, Кенен Азербайев и других выдающихся представителей народного искусства.

Глава 3. Порядок проведения конкурса

4. Конкурс проводится с 25 по 27 октября 2026 года в здании Казахской государственной академической филармонии имени Жамбыла в городе Алматы.

5. Настоящие Правила размещаются на интернет-ресурсе Организатора Конкурса.

6. В Конкурсе принимают участие традиционные исполнители в возрасте от 20 до 35 лет включительно, являющиеся победителями конкурсов областного уровня, а также конкурсов городов республиканского значения и столицы (далее – участники Конкурса).

7. Лица, удостоенные Гран-при на предыдущих Республиканских конкурсах традиционных исполнителей имени Әміре Қашаубаева, к повторному участию в Конкурсе не допускаются.

8. Для участия в Конкурсе участники в период с 25 августа по 15 сентября 2026 года направляют в электронном виде на адрес электронной почты philarmon@mail.ru заявку по форме согласно приложению 1 к настоящим Правилам, а также следующие документы и материалы (далее – Конкурсные материалы):

1) копию документа, удостоверяющего личность участника в формате PDF;

2) для студентов – справку с места учебы, для работающих – справку с места работы;

3) сертификат и (или) диплом, подтверждающий победу в конкурсах, проведенных на уровне областей, городов республиканского значения и столицы.

4) две цветные фотографии участника конкурса размером 13×18 см в формате JPEG;

5) видеозапись выступления участника. На видеозаписи участник исполняет два произведения, выбранные из перечня песен из репертуара Әміре Қашаубаева, предусмотренного настоящим пунктом. Видеозапись должна быть выполнена стационарной камерой с разрешением не менее 1280 × 720 (HD), без монтажа и дополнительной обработки звука.

Представленные видеоматериалы рассматриваются Организационным комитетом (далее – Организационный комитет). По итогам отбора решением Организационного комитета лучшие участники допускаются к основному этапу Республиканского конкурса (очному прослушиванию).

По итогам отборочного этапа список участников, прошедших в основной этап, публикуется на интернет-ресурсе Организационного комитета, а также на страницах в социальных сетях Instagram и Facebook не позднее 25 сентября 2026 года.

Перечень песен из репертуара Әміре Қашаубаева: «Қос барабан» – народная песня, «Топайкөк» – Жарылғапберді Жұмабайұлы, «Баянауыл» – народная песня, «Сырғакты» – Біржан сал Қожағұлұлы, «Көкаршын» – Жаяу Мұса, «Қызыл бидай» – народная песня, «Екі жирен» – народная песня, «Қорлан» – Естай Беркімбайұлы, «Ақ сиса» – Жаяу Мұса, «Қарғам-ау» – народная песня, «Хаулау» – Жаяу Мұса, «Үш дос» – Уәйіс Шондыбайұлы,

«Гауһар қыз» – Жаяу Мұса, «Дудар-ай» – Үлебай Әлетұлы, «Ақ қайың» – Шашубай Қошкарбайұлы, «Бес қарагер» – народная песня, «Қанапия» – Қанапия Басықараұлы, «Ардақ» – Жарылғапберді Жұмабайұлы, «Балқадиша» – Ақан сері Қорамсаұлы, «Сегізаяқ» – Абай Құнанбайұлы, «Қор болды жаным» – Абай Құнанбайұлы, «Біреуден біреу артылса» – Абай Құнанбайұлы, «Назқоңыр» – народная песня.

9. Конкурсные материалы для участия в Конкурсе направляются на адрес электронной почты Организационного комитета. Конкурсные материалы, поступившие после 15 сентября 2026 года, рассмотрению не подлежат.

10. Организационный комитет после 15 сентября 2026 года рассматривает представленные конкурсные материалы на соответствие требованиям пункта 8 настоящих Правил.

Конкурсные материалы, не соответствующие требованиям пункта 8 настоящих Правил, не рассматриваются и не возвращаются.

11. Порядок выступления участников конкурса определяется путем жеребьевки.

12. Конкурс состоит из двух этапов. На первом и втором этапах участники выступают в соответствии с требованиями, установленными настоящими Правилами.

13. На первом этапе участники Конкурса исполняют три произведения, в том числе одно произведение из репертуара Әміре Қашаубаева и два произведения по собственному выбору.

14. На втором этапе участники Конкурса исполняют три произведения, в том числе одно произведение из репертуара Әміре Қашаубаева и два произведения по собственному выбору.

15. Произведение из репертуара Әміре Қашаубаева, исполняемое на втором этапе, не должно повторять произведение, исполненное на первом этапе.

16. Конкурсная программа участника исполняется в соответствии с произведениями, указанными в заявке. Изменение программы в ходе проведения Конкурса не допускается.

17. Гала-концерт с участием обладателя Гран-при и победителей Конкурса проводится 27 октября 2026 года.

18. Расходы участников Конкурса на проживание в городе Алматы, а также суточные расходы на период проведения Конкурса возмещаются в пределах средств, предусмотренных утвержденной сметой расходов.

19. Организационный комитет оставляет за собой право использовать фото- и видеоматериалы выступлений участников конкурса в рекламных целях.

Глава 4. Организационный комитет

20. Для организации и проведения конкурса создается Организационный комитет согласно приложению 2 к настоящим Правилам.

21. В целях популяризации Конкурса Организационный комитет направляет пресс-релизы средствам массовой информации, а также размещает настоящие Правила на интернет-ресурсе Министерства культуры и информации

Республики Казахстан <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam> а также на официальном сайте Казахской государственной академической филармонии имени Жамбыла и на официальных страницах в социальных сетях Instagram и Facebook.

22. Организационный комитет определяет формы информационной и рекламной поддержки Конкурса, а также рассматривает возможность проведения телевизионной съемки гала-концерта Конкурса на республиканских телеканалах.

Глава 5. Жюри Конкурса

23. Для оценки выступлений участников Конкурса, подведения итогов и принятия решения об определении победителей создается жюри Республиканского конкурса традиционных исполнителей имени Әміре Қашаубаева (далее — Жюри) согласно приложению 3 к настоящим Правилам. Состав Жюри до начала Конкурса не разглашается.

24. В соответствии с пунктом 17 Типовых правил состав Жюри, включая председателя, формируется из нечетного числа членов. Для ведения и оформления протокола заседания Жюри назначается секретарь, не входящий в состав Жюри и не имеющий права голоса.

25. Решение жюри оформляется протоколом, который подписывается председателем и всеми присутствовавшими на заседании членами жюри.

26. Решение жюри принимается большинством голосов. При равенстве голосов решающим является голос председателя Жюри.

27. Итоговое заседание Жюри по подведению результатов Конкурса проводится 27 октября 2026 года.

28. Жюри имеет право прервать выступление участника.

29. Членам Жюри возмещаются расходы на проезд до города Алматы и обратно, выплачиваются суточные, оплачиваются расходы на проживание и городской транспорт в городе Алматы в пределах средств, предусмотренных утвержденной сметой расходов.

30. Жюри награждает победителей Конкурса дипломами, памятными подарками и денежными призами в размерах, предусмотренных пунктом 33 настоящих Правил.

31. Выплата гонорара членам Жюри, являющимся государственными служащими, а также лицам, выполняющим управленческие функции в государственных организациях или субъектах квазигосударственного сектора, не производится в соответствии с подпунктом 3) пункта 1 статьи 13 Закона Республики Казахстан «О противодействии коррупции».

Глава 6. Финансирование Конкурса

32. Финансирование конкурса осуществляется за счет средств, предусмотренных Законом Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 2026–2028 годы», по республиканской бюджетной программе 033 «Реализация государственной политики в сфере культуры, искусства, архивного и книжного

«Реализация государственной политики в сфере культуры, искусства, архивного и книжного дела», подпрограмме 106 «Обеспечение функционирования театрально-концертных организаций».

33. Призовой фонд Конкурса составляет:

- 1) Гран-при (одно) – 1 000 000 тенге;
- 2) I место (одно) – 800 000 тенге;
- 3) II место (одно) – 400 000 тенге;
- 4) III место (одно) – 200 000 тенге;
- 5) дипломант (три) – 100 000 тенге;

Общий размер призового фонда Республиканского конкурса традиционных исполнителей имени Әміре Қашаубаева с учетом индивидуального подоходного налога составляет 3 000 005 (три миллиона пять) тенге, из которых:

- 2 700 000 (два миллиона семьсот тысяч) тенге – денежные призы, выплачиваемые победителям;

- 300 005 (триста тысяч пять) тенге – сумма индивидуального подоходного налога, подлежащая перечислению в бюджет в соответствии с налоговым Кодексом Республики Казахстан.

Глава 7. Заключительное положение

34. Вопросы, не урегулированные настоящими Правилами, регулируются в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

Приложение 1
к Правилам проведения
Республиканского кон-
курса традиционных ис-
полнителей имени Әміре
Қашаубаева

Форма

Заявка
на участие в Республиканском конкурсе традиционных исполнителей
имени Әміре Қашаубаева

ФИО (при наличии) участ- ника	
Наименование области, города республиканского значения, столицы	
Место учебы или работы участника	
Контактные телефоны	телефон: e-mail:
Перечень произведений, исполняемых на Конкурсе	Наименование произведения